



Астана қаласы

2023 жылғы қазан

Баспасөз хабарламасы

ҚР ОАМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалардың республикалық байқауын 2023 жылғы 10-12 қазанда онлайн-режимде ZOOM интернет-платформада өткізеді.

Дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету Байқаудың мақсаты болып табылады.

Оқушылардың жобалық қызметі – бұл танымдық, оқу, зерттеу және шығармашылық қызмет, нәтижесінде жоба түрінде ұсынылған мәселенің шешімі пайда болады. Оқушы үшін жоба – бұл өзінің шығармашылық әлеуетін барынша ашу мүмкіндігі.

Бұл өзін жеке немесе топта көрсетуге, өз күшін сынап көруге, білімін қолдануға, пайда әкелуге, көпшілік алдында қол жеткізген нәтижені көрсетуге мүмкіндік беретін әрекет. Бұл оқушылардың өздері тұжырымдаған қызықты мәселені шешуге бағытталған әрекет.

Бұл әрекеттің нәтижесі – мәселені шешудің табылған әдісі - практикалық және ашушылардың өздері үшін маңызды.

Байқаудың өңірлік кезеңдеріне өз жобаларымен 63 057 мыңнан астам оқушы қатысты. Байқаудың республикалық кезеңіне байқаудың облыстық, (Астана, Алматы және Шымкент) қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Қатысушылардың – 160 адам.

Онлайн режимде байқауға қатысушылар «Жақсылық керуені», «Отаным - қасиетті туған жерім», «Мен – Қазақстанның азаматымын»,

«Менің ашық университеттерім», «Қазақстанның жеті кереметі», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңғырту полюсі», «Менің отбасым: сабақтастық, құндылықтар мен мағыналар» номинациялары бойынша әлеуметтік және шығармашылық жобалар ұсынылатын болады.

Балалардың шығармашылық жобалар байқауына қатысуы өмірлік жағдайларды шешу арқылы өздерін тексеруге мүмкіндік береді, өзін-өзі анықтауға, азаматтық сана мен белсенділікті дамытуға және қалыптастыруға ықпал етеді.

Байқау балалар мен жастардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, олардың рухани және шығармашылық әлеуетін дамытуға, зерттеу жұмысының мәдениетін тәрбиелеуге, білім алушыларды жобалық және өзге де зияткерлік-шығармашылық қызметке кеңінен тартуға бағытталған.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері – алғыс хаттар, барлық қатысушылар – сертификаттар алатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: 8 (7172) 64-75-93, e-mail: sotsped21@bk.ru